

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы «5» ақпандығы  
№ 51 бүйрүгіна 13-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бүйрүгіна 558 -қосымша

**Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 4 -сыныбы үшін «Жалпы еңбекке даярлау» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 4-сыныбы үшін «Жалпы еңбекке даярлау» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 - бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.
2. Бағдарлама мақсаты – қолжетімді кәсіпті менгерудің негізі ретінде, жалпы еңбектік қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру.
3. Бағдарлама міндеттері:
  - 1) үлгіні сараптамалау, тапсырманы бағдарлай білу, алдығы ісін жоспарлау, еңбегінің ағымдық және қорытынды нәтижелерін бақылау қабілетін қалыптастыру;
  - 2) оқушыларды тәртіп талаптарын сақтауға, еңбек үдерісі барысындағы қатынастары үшін сөйлеу тілін қолдануға, бастаған ісін аяқтауға, бұйымның сапасын максималды деңгейге жеткізуғе үйрету;
  - 3) еңбек ісіне қарасты уәждемесін қалыптастыру және еңбекке қажетті тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру;
  - 4) оқушыларды еңбек түрлерімен таныстыру;
  - 5) еңбектік қимыл-қозғалыс дағыланын қалыптастыру;
  - 6) ауызша және жазбаша нұсқауларды қолдана отырып, оқушылардың тапсырманы бағдарлау қабілетін дамыту.
4. Түзете-дамыту міндеттері:
  - 1) көру-қозғалыс координациясын, жалпы және ұсақ моторикасын дамыту;
  - 2) арнайы терминологиямен сөздік қорын кеңейту және байыту.